

## ҚР МКМ Салық полициясының Академиясына Ережелерді бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Кіріс министрлігі Салық полициясы комитеті 1999 жылғы 7 қыркүйек N 90 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 27 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 911. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі Салық полициясы комитетінің 2000 жылғы 25 мамырдағы N 51 бұйрығымен. ~V001175

Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен мемлекеттік жоғары оқу орындарына қабылдау бірыңғай Ережелерімен сәйкес бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Кіріс министрлігінің Салық полиция комитетінің Салық полиция академиясына қабылдау Ережесі бекітілсін.
2. Осы Ереже талаптары Қазақстан Республикасының Кеден комитетінің органдарына таратылсын.
3. Салық полициясы комитетінің кадрлар аппаратына осы бұйрықты зерделеуді ұйымдастыруды және оқуға түсушілерге дер кезінде мәліметтер берілсін.
4. Салық полициясы академияның бастығына бекітілген Ережелерге байланысты кандидаттарды оқуға қабылдау қамтамасыз етілсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Салық полициясы академиясының бастығына (М.Ч. Қоғамов) жүктелсін.

Мемлекеттік кіріс Министрінің  
бірінші орынбасары  
Салық полициясы комитетінің Төрағасы  
салық полициясы генерал-майоры

Бекітілген

Салық полициясы Комитетінің  
бұйрығымен  
ҚР МКМ N 90  
7 қыркүйек 1999 ж.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс  
Министрлігінің Салық полициясы Комитетінің Салық  
полиция Академиясына қабылдау  
Ережелері

1. ҚР МКМ Салық полициясы Академиясына орта және орта арнайы білімі бар(жоғары-екінші жоғары білім алу тәртібі бойынша сырттан) Салық полициясының қызметкерлеріне қойылатын талаптарына сай келетін, әскери Қызметке және оқуға денсаулығы жарайтын, түсу емтихандарды табысты тапсырған Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс Министрлігінің салық полициясы академиясының сырттай оқу бөліміне ақылы негізде, толық мерзімді орта немесе арнайы орта білімі бар және Академияның мамандықтарына сай арнайы орта немесе қысқартымды мерзімді жоғары кәсіпқой білім бар Қазақстан Республикасының азаматтары қабылдана алады. Көрсетілген категориялардың оқу ісінің жұмысын дайындау Академияда жүргізіледі. Оқуға түсушілер мынандай құжаттарды өткізеді: өтініш, 086 - У формалы дәрігерлік анықтама, Академияның қабылдау комиссиясы куәландырған білімі жөніндегі құжаттың көшірмесі, 3x4 көлемді үш фотосуреті. Құжаттарды қабылдау оқуға түсушінің жеке куәлігінің негізінде іске асырылады. <\*>

Ескерту: 1-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - Мемлекеттік кіріс министрлігі Салық полициясы комитетінің 1999 жылғы  
2 желтоқсан N 138 Бұйрығымен. V990996\_

2. Күндізгі оқуға түсу емтихандары 1-10 тамыз аралығында, сырттан оқуға-Академия бастығы белгілеген мерзімде өтеді.

3. Қабылдау ережелері туралы, қабылдауды ұйымдастыру және өткізу бойынша қабылдау комиссия шешімдері, дер кезінде мәліметтеу мақсатында ақпараттық стенттерге ілінеді.

4. Академия бастығының-қабылдау комиссиясы төрағасының тәртіп бұзғаны үшін және басқа да себепті міндеттемелер бойынша оқуға түсушіні іріктеу органының өкіміне жіберуге құқылы.

5. Академияда кандидаттар арнайы ұйымдастырылған медициналық комиссияның қосымша медициналық және психофизиологиялық куәландыруын өтеді.

6. Академияға күндізгі оқуға түсушілер дене шынықтырудан белгіленген көрсеткіштерге сәйкес сынақ тапсырады. Қанағаттанғысыз бағалар алған жағдайда кандидаттар келесі сынақтарға жіберілмейді. Сырттан оқуға түсушілер дене шынықтырудан көрсеткіштерін тапсырудан босатылады.

7. Кандидаттар Академияда түсу емтихандарын мемлекеттік тілде немесе

ресми қолданылатын тілде тапсырады.

8. Түсу емтихандар(тестер ) орта жалпы білім беретін мектептердің бағдарламасы бойынша жүргізіледі.

Сырттай оқу бөліміне салық полициясы Комитетінің қызметкерлері тарапынан келген, сонымен бірге Академияның мамандықтарына сай арнайы орта немесе жоғары кәсіпқой білімі бар басқа да азаматтар арнайы әңгімелесудің нәтижесінде қабылданады.

<\*>

Ескерту: 8-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - Мемлекеттік кіріс министрлігі Салық полициясы комитетінің 1999 жылғы 2 желтоқсан N 138 Бұйрығымен.

V990996\_

9. Мамандар бойынша тест сынақтары үшін келесі пәндер белгіленген:

N 0216 маманы - "Құқық тану ғылымы"

1. Дүние жүзілік тарихы - (мамандыққа тән)

2. Математика.

3. Қазақстан тарихы.

4. Қазақша немесе орыс тілі.

N 0801 маманы - "Кеден ісі"

1. Дүние жүзілік тарихы - (мамандыққа тән)

2. География.

3. Қазақстан тарихы.

4. Қазақша немесе орыс тілі.

Әр пән бойынша тест тапсырмалары 30 сұрақтан тұрады, олардың жалпы саны 120 болады. Дұрыс жауап бір баллмен бағаланады. Пәндерден жинақ тесті бойынша оқуға түсушінің жауаптарының жалпы саны 40 баллдан кем болса, жауабы "екіге" бағаланады, ал оқуға түсуші сайысқа қатысудан босатылады.

10. Үш пән бойынша жинақ тестіне үш астрономиялық сағат бөлінеді.

11. Себепті жағдаймен емтиханға (тест) келмегендер сол емтиханды пәндері сәйкес келетін келесі топтың кестесінде болған жағдайда ғана тапсырылады.

12. Емтихандардың қорытындысы жинақ тесті өткізілгеннен кейін бір тәулік ішінде оқуға түсушілерге мәліметтеледі.

13. Дұрыс жауаптардың кодтары баллдарда санау нұсқаумен бірге тест сынақтары өткеннен кейін ақпараттық стендке бірден ілінеді.

14. Алынған бағаны (тест баллын) көтермелеу мақсатында емтиханды қайта тапсыруға үзілді-кесілді тыйым салынады. Тестің қорытындысы жария болғаннан кейін шағым арыз бір тәулік ішінде беріледі және қаралады. Алынған бағаны (тест баллы) қабылдау комиссиясының дәлелденген шешімімен өзгертуі болады.

15. Оқуға алыну қабылдау комиссиясының ашық отырысында сайыс негізінде мамандар және тіл бөліміне түсу емтиханда қорытындылары, медициналық куәландыру мәліметтері бойынша бөлінген қабылдау орындарын есепке ала отырып жүргізіледі.

16. Ерекше үлгі аттестат немесе төске тағатын "Алтын белгісімен" марапатталғандар түсу емтихансыз оқуға қабылданады.

17. Жиған баллдарына сәйкес түсу емтихандарын табысты тапсырған басқа кандидаттар оқуға жалпы сайыс бойынша қабылданады:

- жетімдер және ата-аналардың қамқорлығынсыз қалған балалар;
- үзікті аттестаты немесе үзікті арнайы білім дипломы барлар;
- қаза болған немесе қызмет бабымен мүгедек болған Салық полициясының комитетінің және Кеден комитетінің қызметкерлерінің балалары;
- Салық полиция комитетінің және Кеден комитетінің қызметкерлері;
- оқушылардың халықаралық пәндер олимпиядасының жүлдегерлері және ағымдағы оқу жылының оқушылардың республикалық пәндер олимпиядасының жеңімпаздары, I, II және III дәрежелер дипломдарының иелері - тиісті мамандық бойынша түсу кезінде;
- мамандыққа тән пәннен ең жоғарғы балл бар адамдар;
- ауыл тұрғындары.

18. Оқуға қабылданғаны туралы қабылдау комиссиясының шешімі Академия бастығының бұйрығымен жасалады. Бұйрықтың үзіндісі оқуға өндірістен қабылданғандар үшін және сырттан оқуға түскендер үшін демалыс және басқа жеңілдіктер берілуге негіздеме болып табылады.

19. Оперативтік статистикалық есеп беру оқу орындарына қабылдау қорытындысы туралы бекітілген форма бойынша МКМ-ның кадрлар аппаратына, Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім Министрлігіне және Астана қаласының білім департаментіне күндізгі оқуға қабылдау жөнінде 25 тамыздан кешікпей, сырттан оқуға-сайыстық қабылдаудан 10 күн өткеннен кейін

20. Сайыстан өтпеген оқуға түсушілер Салық полициясының және Кеден

комитетінің бөлімшелерінің өкіміне жеке істерімен және қабылданбаған себептері көрсетіліп қайта жіберіледі.

21. Түсу емтихандарын тапсырған, бірақ Академияға түспеген оқуға түсушілердің тілегі бойынша белгіленген үлгіде емтихандардың қорытындылары (пәндер бойынша балл) беріледі.

22. Бірінші курсқа түскен тыңдаушылар 10 күн ішінде себепсіз сабаққа кіріспеген, Академиядан шығарылады. Шығарылғандардың орнына қабылдау комиссиясы сабақ басталғаннан 1 айдың ішінде сайыстан өтпегендерді осы Ереженің 17 п. негізінде қабылдауға құқы бар.

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.